

#### 4-курс. Педагогикалық практика

##### 1. 6B01511-География-тарих мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша 4-курс

Халибек Оспанхан №38 Н.Оңдасынов атындағы мектеп-гимназиясында 9-“А” сынып оқушыларымен Қазақстан тарихы пәнінен “Қазақстан халықаралық құқық субъектісі“ атты ашық сабақ өтті. Студент-практикант тақырыпты толық ашып түсіндіре алды. Яғни, оқушылар Қазақстан Республикасының аймақтық және халықаралық ұйымдармен байланысын, халықаралық аренадағы орнын меңгерді. Ашық сабақ барысында кері байланыс орнап, рефлексия жасалды. Сабаққа оқушылар белсенде қатысты, топтық жұмыстар атқарды. Ашық сабақ оқушыларға түсінікті әрі пайдалы болды



Практика жетекшісі: География кафедрасының аға оқытушысы Тасқараева Қалбибі Ахметовна.

*2. 6B01511-География-тарих мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша 4-курс*

Абілхан Сандуғаш №38 Н.Оңдасынов атындағы мектеп-гимназиясында 9-“Б” сынып оқушыларымен “Қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаев “ атты тәрбие сағатын өтті. Студент-практикант тақырыпты толық ашып түсіндіре алды. Яғни, оқушылар Мұқағали Мақатаевтың өмірбаянымен, еңбек жолымен, шығармаларымен және шығармаларының шығу тарихымен танысты. Тәрбие сағат барысында кері байланыс орнап, рефлексия жасалды. Оқушылар Мұқағали Мақатаевтың шығармаларын жатқа айтып берді. Тәрбие сағаты оқушыларға түсінікті әрі пайдалы болды.



Практика жетекшісі: География кафедрасының аға оқытушысы Қалбибі Ахметовна

3. 20.02.2024ж География кафедрасының 4 курс студенті

Жолтаева Меруерт Қазыбек би атындағы №36 мектебінің 8 “В” сыныбына “Демографиялық проблемалар” тақырыбына сабақ өтті. Демографиялық проблемалардың екі үлкен топқа жіктелетінің түсіндіре отырып, жекелей оқушылармен бірге талдады. Swot талдау әдісін пайдалану оқушыларды сабаққа деген қызығушылығын арттырды.



Практика жетекшісі: География кафедрасының аға оқытушысы Таскараева Калбиби Ахметовна



#### 4. 8.02.24ж География кафедрасының 4 курс студенттері

Мусабекова А., Жолтаева М., Ержігітұлы Т. Қазыбек би атындағы #36 жалпы орта мектебінің 9 сынып оқушыларын сыныптан тыс жұмыс ретінде “Көне қала-Цитадельге” экскурсия ұйымдастырды. Экскурсияның мақсаты: оқушыларды қаламыздың тарихы мен шежіресіне көз жүгіртіп патриоттық сезімдерін ояту болатын. Тарихи жәдігерлер мен көне дәуірдің архитектурасымен танысып, этно стильдегі ұлттық макеттерді, тарихи деректерді оқушылар көзбен көру арқылы жәй ғана сыныпта естігеннен әлдеқайда жақсырақ есінде сақтап ұғына алады. Біз сол мақсатқа жеттік деп ойлаймын. Оқушылар үшін де ұйымдастырушы практикант студенттер үшін де экскурсия барысы өте қызықты өтті!



Практика жетекшісі: География кафедрасының аға оқытушысы Таскараева Калбиби Ахметовна

5. 6B01511-География-тарих мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша 4-курс студенті

Рашит Ырысқұл №38 Н.Оңдасынов атындағы мектеп-гимназиясында 6"И" сыныбына "Ана-өмірдің гүлі" атты ашық тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағаты оқушыларға түсінікті әрі қызықты болды.



налардың құрметіне орай "Ана туралы жыр" әнін хормен орындадық ☺



"Ана-өмірдің гүлі" атты ашық сынып сағатыма қош келдіңіздер!

6И сыныбы

Практика жетекшісі: География кафедрасының аға оқытушысы Тасқараева Қалбибі Ахметовна.